5) қатысым жағдаятына сай пресуппозицияларды (авторлық интенцияның дұрыс қабылдануы, өйткені сөйлесімнің прагматикалық мағынасы сөйлеуші мен адресаттың пресуппозицияны оқи алуы, тезаурустарының ұқсастығын, импликацияны анықтай алу қабілеттілігіне байланысты жүзеге асатынын) атап өтуге болады.

Сөйлеу тілінің жалпы сипаттағы сұхбаттық белгісін ашқан М.М. Бахтиннің пікірінше, сұхбаттық тілдесімді қатынастың туындауындағы басты шарт – бұл хабарға, «сөзге» бағытталған коммуникативтік мақсаттың болуы. Коммуникативтік мақсат заттық мазмұнның (идея, пікір) өзара қарым-қатынасын, олардың мәнін өзгертеді. Коммуникативтік жағдаят пайда болады. Бұл жағдаятта өзара қарым-қатынастағы объектілер жаңа жүйелік сипатқа ие болады. Мысалы, объект туралы пікір («өмір тамаша» – логикалық пікір) өзіндік заңдылықтарына бағынатын сөйлесімге («өмір тамаша» – растау, нақтылау ретінде) айналады. Бұл заңдылықтар логикалық пікірлерде кездеспейтін сөйлесімдер арасындағы диалогтық қатынас құрайды. «Коммуникативтік жағдаят – сұхбаттық тілдесімді қатысымның орнауына мүмкіндік беретін шарттар, жүйелі фактор».

Сұхбаттық тілдесімнің бұл түрін Г.А. Тер-Габриелян квазидиалог, немесе ұжымдық сұхбаттық тілдесім деп атайды [4]. Құрылымы бойынша бұл – полилог. Мұнда қатысушылардың барлығы бәріне ортақ мәселенің бірін талқылайды. Шынайы сұхбаттық тілдесімнен мұның айырмашылығы бұл жерде пікір алмасу, пікірталас кезінде шындықты ашуға ұмтылыс болмайды. Тек сол бір мәселе бойынша қатысушылардың объективті қатынасты талқылаудың көрінісі болады. Дегенмен олардың әрқайсысы осы оқиғаға қатысты өзінің жеке көзқарасын, сөйлеушіге деген жеке қатынасын білдірді де қойды.

Квазидиалогта сөзді бөлу, іліп алу, қайталау, қайта сұрау, сұрақ пен жауап сияқты репликалар арасындағы байланыстың тәсілдеріне қарамастан, оған имплицитті мазмұндағы репликалар тән емес. Мәселен, үзіліп қалған сөйлесімдер келесі репликаларда эксплицитті түрде толығыуы мүмкін.

екенін айыру, ал кейде қатысушылардың саны қанша екендігін білу мүмкіндігі болмайды.

Кейбір зерттеушілер (Н.Д. Арутюнова, С.Ф. Земская, Н.Г. Несина, В.Н. Волошинов) жоғарыда сөз болған сұхбаттық тілдесімнің түрлерінің, атап айтқанда хабарламалықтың орнына ұғымдық немесе диктальді сұхбаттық тілдесім және модалдык сұхбаттық тілдесім дегенді ұсынады.

Сонымен модалдык сұхбаттық тілдесімде бір фактінің болмаса құбылыстың әртүрлі модусы, әртүрлі субъективті бағалануы ылғи реңін өзгертіп жатады. Бұл дегеніміз бір мәліметті әртүрлі бағалап, шындыққа байланыстыруға болады.

Ауызекі сөйлеуді зерттеушілердің барлығы дерлік сұхбаттық жағдаят, қатысымның бейвербалды компоненттері сияқты ерекшеліктері көбіне таныс емес адамдардан гөрі жақын таныс адамдардың арасындағы, ресми емес жағдайдағы қатысымда айқын көрінетіндігін айтады. Себебі сұхбаттық тілдесім – бұл бірін-бірі түсінуге мақсатталған екіжақты қатысым. Коммуниканттардың екеуі де әңгіме тақырыбын қабылдауға, оны

түсінуге ұмтылады. Сұхбаттық тілдесімді қажет мәліметті алу үшін қалыптасқан әрекет десек те болады.

Сұхбаттық тілдесімді қатысымды лексико-грамматикалық және интонациялық амалдардың көмегімен мазмұн жағынан өзара тығыз байланысты екі болмаса одан да көп репликалардан тұратын коммуникативті-функционалдық тұтастық деуге болады. Сұхбаттық тілдесімнің қалыптасу процесі коммуниканттардың арнайы ұйымдасқан ұғымдық-практикалық жағдайларымен белгіленеді. Адамның сөйлеу әрекеті уәден, тапсырмалар мен оларды орындаудың шарттарынан тұрады. Мұны анықтау үшін бір қатар психолингвистикалық және әлеуметтік лингвистикалық мәселелерге, сондай-ақ сөйлеу әрекеті мен оның қабылдануын түсіндіретін сөйлеу актілері мәселесіне мән беруге тура келеді [5].

Лингвистер сұхбаттық тілдесімнің құрылымы (М.Н. Орлова), сұхбаттық тұтастықтағы репликалар арасындағы өзара байланыстың сипаты мен мұндағы синтаксистік байланыстың түрлері (С.С. Беркнер, Н.Н. Гаврильев, Л.П. Чахоян), сұхбаттық тілдесімнің стилистикалық және интонациялық құрылымы (А.В. Кучер, Ю. Дубовский) сияқты аспектілерге қызығушылық танытқан. Дей тұрғанмен, соңғы уақытта зерттеу шеңбері кеңейе түсті де, ендігі мәселелер сұхбаттық тілдесімнің актуальді мүшеленуі, диалогтағы байланыстың прагматикалық аспектісі, модус-диктум тұрғысынан оның сарапталуы және тағы басқалар төңірегінде жүріп жатыр.

Әдебиеттер

1. Абдыкаппарова С.К. Развитие теории и практики межкультурной коммуникации в РК. [http://inlang.linguanet.ru/Scientific Work/Conferences](http://inlang.linguanet.ru/ScientificWork/Conferences).
2. Пищальникова В.А., Потапов В.В. Лев Владимирович Щерба // Отечественные лингвисты XX века: Сб. статей / Отв. ред. Ф.М. Березин. Ч. 3. – М.: [ИНИОН РАН](#), 2003. – С. 123-148.
3. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – Издательство «Академия», 2006. – С. 330-335.
4. Рахметова Р.С. Мәдениет – маманның лингвомәденитанымдық құзыреттілігінің құрылымдық компоненті // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2010. – № 7. – Б. 24-35.
5. Абдигали С.А. Реализация концепции обучения иностранным языкам по учебнику немецкого языка. – Алматы, 1998. – 120 с.

Аннотация

В настоящее время как развивающаяся страна наши взаимоотношения с другими странами процветают день ото дня. Это требует улучшенного изучения иностранного языка. А улучшение изучения иностранного языка должно вызвать большой интерес учащихся к предмету. Однако в изучении иностранного языка мы сталкиваемся с множеством проблем, такими, как пересказ текста или высказывания мнения на иностранном языке. Поэтому чтобы учащиеся полностью овладели иностранным языком нужно проявить большой интерес к языку. Во время или вне урока обучающий может применять игровые роли. С помощью игр мы развиваем умственную и активную деятельность. С психологической точки зрения применение ролевых игр на занятиях помогает развитию общения на иностранном языке.

Ключевые слова: пересказ текста, ролевые игры, владение иностранным языком.

Abstract

Now as a developing country, our relations with other countries are flourishing day by day. This requires enhanced learning a foreign language. And the improvement of foreign language study should be of great interest to students of the subject. However, in the study of a foreign language, we are faced with many challenges such as retelling a text or utterance opinion in a

foreign language. So that students fully mastered a foreign language in necessary to show great interest in the language. During the lesson, or is training may apply role play. With the games we develop mental and active. From a psychological point of view, the use of role playing games in the classroom helps to develop communication in a foreign language.

Keywords: *retelling a text, role play, to develop foreign language.*

ББК 20 (5 қаз)

ИМАНБЕРДИЕВ Д.Ж. – т.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазақ қатынас жолдары университеті)

ТҰРҒАНБАЕВА М.Е. – аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақ қатынас жолдары университеті)

ДЖУМАБЕКОВА Д.А. – аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақ қатынас жолдары университеті)

ТАБИҒАТТЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ ИДЕЯЛАРЫ – ЖАРАТАЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ МАЗМҰНЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Жаратылыстану және оның нәтижелері мен әдістерін пайдаланатын қолданбалы ғылыми білім ғылыми-техникалық прогрестің негізі болып табылады. Жаратылыстану пәндерін зерделеу барысында алынған білім адам мүмкіндіктерін үздіксіз арттыра отырып, оның техникалық прогресс жолымен сенімді алға басуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоғамдық сананың дамуына ықпал етіп, қоршаған ортамен жарастықта болуға әрі онымен саналы қарым-қатынас орнатуға тәрбиелейді.

Түйінді сөздер: *медициналық генетика, биожүйелеу, фармакология салалары, қоршаған ортамен жарастықта болу.*

Жаратылыстану пәндері білім беру жүйесінде маңызды табиғат заңдарын, қоғамның материалдық өмірін, әлемнің қазіргі заманғы ғылыми бейнесін танып білудегі географиялық, биологиялық, физикалық және астрономиялық, химиялық білімдердің рөлі арқылы анықталады.

Қазіргі кездегі жаратылыстану пәндері теориялық жағынан дами келе, география ғылымындағы ғаламдық мәселелер, геоэкология, географиялық зерттеулердің қазіргі тәсілдері (картография, геохимия, палеография, геожүйелік мониторинг т.б.), әлеуметтік және демографиялық жағдайлар, Жер және Дүниежүзілік мұхит қойнауындағы құбылыстардың; биология ғылымындағы тірі ағзаның тұқым қуалаушылығы мен өзгергіштігінің генетикалық негіздерін молекулалық және жасушалық деңгейде зерттеу, медициналық генетика, молекулярлық биология, биожүйелеу, өсімдік пен мал шаруашылығы, фармакология салаларының; химия ғылымы бойынша Жер қойнауындағы химиялық құбылыстар аумағындағы химия ғылымының зерттеу объектілерінің елеулі түрде кеңейе түсуі; іргелі физикалық жаңалықтар яғни, арнаулы және жалпы салыстырмалық теориясының, кванттық механиканың, элементар бөлшектер физикасының ашылуы дүниенің ғылыми көрінісіне, негізгі зат, кеңістік және уақыт заңдылықтарына біздің көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге әкелді.

Жалпы ғылыми дүниетаным туралы қазіргі түсініктер табиғат, қоғам және адам туралы танымдық білімді, сондай-ақ олардың бір-бірімен байланысы мен дамуын философиялық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық және басқа да тұрғыда жоғары деңгейде қорытындылап, жүйелейді. Әртүрлі

ғылым салаларын саралау нәтижесінде жалпы ғылыми дүниетанымның тұжырымдамалық жүйесі қалыптасады, мұнда басты рөлді философия атқарады. Философия мен жаратылыстану ғылымдары қандай да бір объективтік шындыққа жетуге бағытталған, ал жаратылыстану ғылымының дәлелдемелері қандай да бір философиялық негіздемені болжайды. Сондықтан қоғам мен биосфераның, адамның табиғатпен теңдігін қайтадан орнына келтіру мақсатында заманауи философтар жаңа коэволюциялық зерттеу тәсілдерін қолдануда (В.Д. Комаров). Ол ХХІ ғасыр өркениетінің жаңа парадигмасы ретінде қарастырылады.

Ғылыми-техникалық революция және ғылымның қоғамдық өндіргіш күштеріне айналу кезеңі жаңа бір ғылыми дүниетаным туралы ұғымның туындауына себеп болып отыр. Ғылыми дүниетаным ұғымы өз кезегінде жалпы ғылыми, жаратылыстану-ғылыми, қоғамдық-ғылыми дүниетаным ұғымдарын құрайды [1].

Жаратылыстану және оның нәтижелері мен әдістерін пайдаланатын қолданбалы ғылыми білім ғылыми-техникалық прогрестің негізі болып табылады. Жаратылыстану пәндерін зерделеу барысында алынған білім адам мүмкіндіктерін үздіксіз арттыра отырып, оның техникалық прогресс жолымен сенімді алға басуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоғамдық сананың дамуына ықпал етіп, қоршаған ортамен жарастықта болуға әрі онымен саналы қарым-қатынас орнатуға тәрбиелейді. Ол адамды рухани дамытумен қатар, оның дүниеге көзқарасын қалыптастырып, мәдени құндылықтар айдынында дұрыс бағыт алуға үйретеді.

Жаратылыстану пәндерінің мазмұнын дамытудағы маңызды бағыттардың бірі оның іргелі ғылымдар қатарын құрауында. Жаратылыстану пәндері қоршаған табиғи ортаны адамның тіршілік ортасы ретінде сипаттайды, адамның іс-әрекетінің табиғатқа әсерін және адамның антропогендік өзгерістерге тәуелділігін, яғни жаратылыстану пәндерін ізгілендіруді ашып көрсетеді. Ол «табиғат-адам» жүйесімен тығыз байланысты.

Адамның өзін-өзі танып білуі қазіргі экологиялық жағдайдың күрт төмендеуіне байланысты ерекше маңызға ие, яғни адамзаттың биологиялық түр ретінде жойылып кету қауіптілігін көрсетеді. Осыған орай жаратылыстану пәндерін ізгілендіру екі түрлі жолмен: біріншіден, адамның іс-әрекетінің табиғатқа тигізетін әсерін, табиғатты тиімді пайдалануды, екіншіден, табиғаттағы антропогендік өзгерістердің адам организміне әсерін ашып көрсету арқылы жүзеге асырылады [2].

Адам мен қоршаған ортаның өзара байланысы, олардың бірлігі және табиғаттың біртұтастығы туралы ортақ идеялар жаратылыстану пәндері мазмұнының ғылыми негізі болып табылады, оның зерттеу нысандары ретінде адам, қоршаған тірі және өлі табиғат, техника және технология алынады. Жаратылыстану-ғылыми пәндерде қарастырылатын негізгі дүниетанымдық идеялардың бірі – табиғаттың біртұтастығы идеясы. Табиғат құбылыстарының өзара бір-бірімен байланысы туралы білім табиғаттың географиялық, химиялық, физикалық және биологиялық бейнесін, олардың бірлігі әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі ұғымын құрайды. Сондықтан жаратылыстану ғылыми-білімге логикалық-құрылымдық талдау жасау оның білім мазмұнын құрайтын төмендегідей мазмұндық желілерді (үзіліссіз тақырыптық жүйелер) ажыратады:

- объектілер (нысандар) туралы ұғымдар: жалпы түсініктер, ұғымдарға бөлу, жіктеу, неғұрлым ұсақ түрлерге бөлу; объектілердің құрылымы; объектілердің қасиеттері;
- объектілерді сипаттайтын негізгі заңдар мен заңдылықтар;
- объектілердің қатысуымен өтетін процестер;
- объектілердің өзара әрекеттесуі;
- объектілер мен процестерді ғылыми тану әдістері.

Бұл объектілерді кіріктіріп (интеграция) оқыту білім алушылардың санасында дүниенің біртұтастығы туралы түсінік қалыптастырады және адам табиғаттың оған ықпал ететін саналы құраушысы ретінде қарастырылады [3]. Сондықтан кіріктірілген объектілерді оқыту бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған ғаламдық экологиялық

мәселелерді шешудің кешенді тәсілдерін құру мүмкіндіктеріне қол жеткізуге, білім алушылардың өмірлік маңызды практикалық құзыреттерін шыңдауға жағдай жасайды

Жаратылыстану пәндері оқыту объектілерінен, сонымен қатар объектілердің өзара әрекеттесуі, процестер, ғылыми таным әдістері туралы жаратылыс-ғылыми және экологиялық білімдерден құралады.

Жоғарыда қарастырылған тіршілік ету ортасындағы табиғаттың бірлігі мен дамуы идеясының мазмұнын жаратылыстану пәндеріне енгізу қажеттігіне көптеген ғалымдар қолдау көрсетіп, өз еңбектерінде оны әр қырынан зерделеуде. Мәселен, И.Д. Зверев: «Мектептік физика курсының экологиялық аспектісін күшейту табиғаттың бірлігін ашудағы оның рөлін арттыруға ықпал етеді, алайда оның қазіргі мазмұнында бұл мәселе көлеңкеде қалып қойған», – деген пікір айтады. Қоғам тарихы мен табиғаттың өзара байланысы мектепте оқытылатын жаратылыстану пәндерінде жеткілікті түрде ашылмаған, яғни физикалық теориялар уақыт пен тарихтан тысқары қарастырылатын әлдебір тұйық жүйелер түрінде беріліп келген. Мәселен, Галилей – Ньютонның таным әдістері табиғат құбылыстарын басқа табиғаттан оқшау қарастырады.

Қоршаған табиғи ортаның географиялық, физикалық факторларының (температура, ауа ылғалдылығы, қысым, дыбыс қаттылығы, радиоактивтік т.б.) қалыпты нормалары туралы білім, сондай-ақ олардың адамның іс-әрекетінің нәтижесінде өзгеріске ұшырауы, олардың шамадан тыс ауытқуы (радиоактивтіктің артуы, қоршаған орта температурасының едәуір жоғарылауы немесе төмендеуі) биосферадағы үрдістердің ағымына теріс әсер ететіндігі нәтижесінде Жердегі тіршілік иелерінің жойылуына әкелуі мүмкін екендігі жаратылыстану пәндері оқу материалдарының мазмұнында көрсетілуі тиіс.

Жаратылыстану пәндерін оқыту арқылы қоршаған орта және адам денсаулығы идеялары жүзеге асырылады. Техника мен өндіріс технологиясы әрекетінің артуына байланысты адам сыртқы әсер етудің жаңа факторларына ұшырап отырғандығына ерекше көңіл аудару қажет. Адамның өмір сүру ортасы организмнің бейімделу функциясының бұзылуына әкелетін радиацияның жоғары деңгейінде, электромагниттік өрістің, вибрацияның, шудың және т.б. жоғары шегінде өтіп жатыр. Сондықтан да қоршаған өндіріс ортасының ерекшеліктерін қарастыру кезінде қауіпсіздік техникасының ұстанымдарына сүйену және физикалық параметрлердің мүмкін болатын шегін көрсету оның адам денсаулығына тигізетін түрлі әсерін айқындауға мүмкіндік береді.

Жаратылыстану пәндері мазмұнында қоғам мен табиғаттың өзара әсерінің тиімділігі жетекші идеясы қоғам мен табиғаттың өзара қатынасының қайшылықты сипаты адамның табиғатты тұрақты түрде пайдалануымен және оның табиғи үрдістердің ағымына әсер етуімен сипатталады. Осыған байланысты ғылым жетістіктеріне негізделген техника және өндіріс технологиясын құрастыруда табиғи өзара байланыстардың ескерілуі, оның қоршаған ортаға теріс әсерін азайту немесе болдырмауды естен шығармау керек. Бұл жалпы жетекші идея жаратылыстану пәндеріне тән: а) қазіргі өндіріс мәселелері және қоршаған ортаны қорғау; ә) ғылыми техникалық прогресс және табиғи қоршаған орта сияқты жетекші идеялармен нақтылануы керек.

Қорыта келе, жаратылыстану заңдылықтары нақты тарихи жағдайларға сәйкес өзгеріске ұшырауына байланысты жаңа мазмұнмен толықтырылып отыруы, яғни оқу материалында табиғатты пайдаланудағы жетістіктер мен кемшіліктердің, қоршаған табиғи ортаны қорғауға байланысты шаралардың кең ауқымды бағдарламасының көрсетілуі қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Канке В.А. Основные философские направления и концепции науки. Итоги XX столетия. – М.: Логос, 2000.

2. Алиева Н.З. Проблематика становления современного естественнонаучного образования // Материалы Международной конференции «Путь в будущее – наука, глобальные проблемы, мечты и надежды». 26-28 ноября, 2007.

3. Чакликова С.Е., Карбаева Ш.Ш. и др. Научно-методические основы совершенствования естественно-математического образования. / Сб. «Развитие общего образования в условиях становления национальной модели школы». – Алматы, 2004. – С. 150-158.

Аннотация

Самопознание, итоги и методы использования научных знаний являются основной научно-технического прогресса. В ходе исследования предмета самопознания, было выявлено, что полученные знания непрерывно увеличивают человеческие возможности, также на пути к техническому прогрессу дают возможность продвижению вперед, помимо этого способствует развитию общества, помогают быть человеку в гармонии с окружающей средой.

Ключевые слова: медицинская генетика, биосистема, отрасли фармакологии, быть в гармонии с окружающей средой.

Abstract

Science, research knowledge gained in the course of continuous technical progress by increasing human capabilities ensures reliable progress. As well as contribute to the development of public consciousness, harmony with the environment and be educated to establish a reasonable relationship with him.

Key words: medical genetics, bio systems, Areas of form co logy, be in harmony with the environment.

УДК 621.373

КЕМЕЛЬБЕКОВ Б.Ж. – т.ғ.д., профессор (Алматы қ., Қазақ қатынас жолдары университеті)

ЖАСЫМБАЕВ Е.Т. – олке танушы

ШҰБАРТАУ – ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ (Шұбартау төлеңгіттері тарихынан)

Аңдатпа

Мақалада 1756-1757 жылдар аралығындағы қазақтың атақты төресі Әбілпейіз сұлтанға қызмет жасап, Алтай, Тарбағатай, Жетісуды алу үшін жүргізілген ауыр соғыстарда негізгі шеп қызметін атқарған Шұбартау төлеңгіттері төлеңгіттерінің тарихы талданады. 1824 жылы осы төлеңгіт қауымы өздері ту тіккен Шұбартауда, төлеңгіт болысы деп аталған ел болды.

Түйін сөздер: Әбілпейіз сұлтан, Өмірзақ аталық, Жаназар батыр, төлеңгіт.

Өздерін төлеңгітпіз дейтін аталар ұлан – байтақ қазақ жерінің қай тарапынан да кездеседі, олардың ішінен шыққан ұлы тұлғалардың да аттары тарихқа алтын әріптермен жазылған. Өкінішке орай, осы күнге дейін біздің тарих ғылымы хандық дәуірде қазақтың төлеңгіт әулеттеріне қатысты бір салмақты кітап ұсынған жоқ. Төлеңгіттердің шыққан тегі де білгісіз, олардың қоғамда атқарған қызметі де түсініксіз. Осы себептерге байланысты

біз жүргізген ізденістеріміздің нәтижесін бірді-екілі жариялап оқырманның ыстық ықыласына ұсындық. Қазақта «өзін өзі танымаған шіркін, өзгені қалай танысын» деген ғажап бір мәнді сөз бар. Сол сияқты бұл жарияланған кітапта біз өзімізді тануға күш салдық десек артық айтқандық болмас.

Тым әріге бармай-ақ XVIII ғасырға қатысты Ресейдің, Қытайдың, Бұхардың мұрағаттарында сақталған елшілік қағаздарын оқысаңыз ішінен міндетті түрде төлеңгіт өкілдерін көресіз. Олар айтылған уағдаға берік, сатқындыққа жоқ азаматтар, өзінің қызмет еткен төресі үшін жанын беретін жауынгер нөкер, олар өзінің ұлыс басшысының бетін жерге қаратпайтын батыл және тапқыр елшілер. Төлеңгіттердің саяси аренада аса белсенді түрде көрінетін соңғы кезеңі XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін сақтауға бағытталған күрес жылдары. Бұл қантөгіске толы жылдары Кенесары көтерілісінің мысалында төлеңгіттердің қазақ төрелеріне қызмет жасағанына дәлелдер көп. Одан кейін Қазақ мемлекетімен бірге төлеңгіттер институты да тарих қойнауына еніп жадыдан ұмытыла бастады. Бір ғажабы ұлан-байтақ қазақ даласының әр жерінде «біз төрелердің жанына ерген ержүрек төлеңгіттер ұрпағымыз» дейтін ұсақ қауымдар қалды. Солардың ішіндегі тарихымен, дәстүр салтымен ерекше көзге түсетін Шұбартау төлеңгіттері осы қауымның бірнеше жүз және мыңжылдық тарихының қойма-қазынасы есебінде. Тарихшы Ж. Артықбаев қазақтың этноәлеуметтік құрылымы туралы жаза келе: «қазақ жерінде төлеңгіттің үлес салмағы тым аз емес, егер долбарлап санасақ 4-5 пайыздың маңында. Бірақ төлеңгіт қауымдарының ішінде Ресей ықпалына бір жолата өтіп, Шыңғыс тұқымы төрелердің билігі жойылып, қазақ «Жаңа Низам» сияқты реформалармен өмір сүре бастаған уақытта жеке әкімшілік құрылым құрған жалғыз-ақ тобы бар. Ол кезінде Әбілпейіз маңына топасқан Шұбартау төлеңгіттері аталатын Қарқаралы дуанына кіретін қауым. Неге Көкшетау төлеңгіттері, немесе Бөкейлік төлеңгіттер болыс құра алмады, неге Шұбартау төлеңгіттері жеке әкімшілік құрылым құрды? Себебі, Шұбартау төлеңгіттерінің ішінде Алтай мен Тарбағатай үшін күреске жетекшілік жасаған Әбілпейіз сұлтанды қолдауға аттандырылған Арыстан аталық әулетінің өкілдері Мамадайыр, Мамашық тобы болды. Бұл мәселе қазақтың билік дәстүріне, оның белсенді өкілдері аталық институты мен төлеңгіттердің қызметтеріне ерекше көңіл аударатын уақыт келгенін білдіреді», – деп жазады.

XVIII ғасырдағы қазақтың үлкен хандары Әбілмәмбетке, Абылайға және Әбілпейіз сұлтанға қызмет жасаған Шұбартау елі ішіндегі төлеңгіт қауымы болды. Бір қызығы Қазақ хандығы тағдырдың сынына түскен уақытта Алтай-Арғын руларының ішінен небір мықты әулеттер хандар мен сұлтандарға, шын мәнінде мемлекетке қызмет істеп төлеңгіт атанып кетті. Оның бір жарқын мысалы «қазақ тарихында аты белгілі Сайдалы Арыстан аталықтың Мамадайыр, Мамашық балаларының Тарбағатай мен Алтайға аттанған Әбілпейіз сұлтанды қолдап төлеңгіт атанып кетуі» [1].

Өкінішке орай 1756-1757 жылдар аралығындағы қазақтың атақты төресі Әбілпейіз сұлтанға қызмет жасап, Алтай, Тарбағатай, Жетісуды алу үшін жүргізілген ауыр соғыстарда негізгі шеп қызметін атқарған Шұбартау төлеңгіттері тарихтағы тиісті бағасын ала алмай келеді. Солай десек те Шұбартау төлеңгіттерінің тарихын, олардың қазақ мемлекетіне сіңірген еңбегін бағалауда бізге Ж.Артықбаевтың бірнеше еңбектері, соның ішінде «Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз» атты ғұмырнамалық кітабы көп жәрдем жасады [2]. XVIII ғасырдың ең бір күрделі кезеңдерінде Шыңғысқа қарай қазақтың көшіне жетекшілік жасаған Әбілпейіз сұлтанның қазақ тарихына сіңірген еңбектерін көп екенін атап өткен ғалымның: «Әбілмәмбет ханның төлеңгіттерімен араласып кеткен Арыстан аталықтың Мамадайыр, Мамашық ұрпақтары Шұбартау тобын құрайды. Ә.Бөкейхановтың «Әбілмәмбеттің кенже үйі – қарашаңырағы Шұбартау елінде, күнгеі Саяқта» деп жазғаны осыларға қатысты деп айтады. «Қарашаңырақты қорғауды міндетіне алған топ өзінің міндетін абыроймен орындады, солардың арқасында біз кәзір Жетісу, Алтай мен Тарбағатайға иелік етіп отырмыз» деп айтқаны да көкейде жүрген көп түйіткілді ойлардың шешімін тапқандай еді [3]. Жоңғар мемлекеті күйреген соң,

қалмақтар басып алған бұрынғы қазақ жерлері қытай қарамағына өтіп кеткен еді. Міне, осы тұста ежелгі ата қоныстарын қайта иелену үшін, Әбілпейіз сұлтан Жетісу, Алтай мен Тарбағатайға қарай көшкен қазақтың көшіне жетекшілік жасайды. Құрбанғали имам «Тауарих хамсада» бұл оқиға туралы: «Әбіл Файыз келуімен наймандар жаппай бұған ергенде, аз уақыт өтпей төрелер де (ақтулылары) қосылып, заманында ел Құлжа, Шәуешек, қолтығына дейін, Жайсаң көлінің жоғарғысы Маңрақ, Сауыр, яки Сайқан тауларына дейін, Ертістен өтіп Алтай етегіне дейін барады» деген деректерін Ж.Артықбаев бұл Әбілпейіз сұлтанның XVIII ғасырдың 50-70 жылдары басшылық еткен оқиға деп нақтылап, «Әбілпейіздің бұл кезеңде жүргізген саясаты ру – ру болып шашылып жүрген елдің басын құрап, оларды ұлыстық жүйеге, хан сұлтан билігіне көндітіру. Тек басы құралған ел ғана қалың Қытай мен жауынгер қалмақтың арасынан ойып, өзінің үлесін алады. Ру руға өз баласынан сұлтан сайлағанда да, Әбілпейіз көп шаруаны ойланып істейді» деп жазады [4]. Қыран құстың қос қанатындай болған Жаназар батыр мен Өмірзақ аталықтың Әбілпейіздің күшіне күш қосқаны анық. 1824 жылы осы төлеңгіт қауымы өздері ту тіккен Шұбартауда, төлеңгіт болысы деп аталған ел болды. Қазақ хандарының қара шаңырағы қонған жер ақырында, оларға құтты қоныс болып қалды. Өмірзақ пен Жаназар бабаларымыздың қияметтік достығы, бытыраған төлеңгіт қауымының бір руға, бір ел болып бірігуіне кепіл болды. Ардақты да аруақты екі тұлғаның бір анадан туғандай қатар аталып, ел жадында бірдей қалуының басты себебі осында.

Міне, осыдан бері шаммен 250 жыл өтіпті. Жеті ұрпақтың ауысқан межесі. Бүгінгі ұрпақ «Алтай үшін айқасып, Сауыр үшін шайқасқан», ата-бабаларының тарихын білуге тиісті. Атыраумемлекеттік университетінің профессоры Амангелді Шамғоновтың Темірхан Оразбековпен бірлесе отырып жазған «Атыраулық төлеңгіттер» атты тамаша кітабында, 1810 жылы Қарабай сұлтанмен бірге Мамадайыр тобы Жайықтан алғаш болып өтіп, Ішкі Ордадағы Бөкей ханның қол астына өткенін жазады [5]. Жаугершілік кезеңдерде Мамадайыр ұрпақтары Мәуереннахр қалалары үшін де, Ертіс пен Еділ арасындағы кең байтақ өлке үшін де, Үстірт пен Маңғыстау үшін де соғысты. Оның бір мысалы, Мамадайырдың үлкен ұлдарынан тараған тұқымдарының бір шеті бүгіндері – Өзбекстанның Навои облысында болса, Мамадайырдың Анда, Алдасай, Теңізбай, Қалыбай, Қырғызак аталарынан тарайтын елдің негізгі тобы Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында, батысында ресейлік Астрахан, Саратов облыстары аумағында да кездеседі. Кіші балаларынан тарайтын елдің бірер атасы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданындағы Қызылкөлде, «Үш арыс» Мамадайыр: Боран, Жалаң, Өмірзақ аталардан тарайтын ел Балқаштың теріскейінде Шұбартау – Қарқаралы аумағында қоныстанған [10]. Өмірзақ аталық Қарқаралы, Шұбартау жеріне қазақтың атақты төресі Әбілпейіз сұлтанды бастап келген, қалың елге құт болған тарихи тұлға. Қазақ тарихының тамаша білгірі Мәшһүр Жүсіп: «Аталықтар – хандардың көші-қонын билеген ерлер», – дегендегі айтпағы да осы болар. Аталық-қазақтың саяси дәстүрлерінде ханның әкесінің орнындағы адам, ақылшы аға. Әбілмәмбет ханның бел баласы Әбілпейіз өзіне ақылшы аға болған Өмірзаққа сүйеніп, әрқалай қастандықтардан сақ болу үшін Мамадайыр ауылының ішінде бірге болып, көшсе бірге көшіп жүреді екен. Мамадайыр ауылында 1880-1884 жылдардағы 13 шаңырақ Әбілпейіз балалары туралы жазылған тарихи құжаттағы деректер осы сөзімізді дәйекті етеді. 1884 жылы Семей облысында еңбек еткен өлкетанушы Н.Коншин Қарқаралы уездік болыстықтардың тізімін, рулық құрамын және үй санын алып оны жариялайды. Көрсетілген кестеде Шұбартау болысында Мамадайыр руы қатарында Ақтөс – 250 шаңырақ, Жалаңтөс – 300, Боран – 250 шаңырақ, және Қалмақ – 450, Құсшы – 350, Сабаншы – 162. Әбілпейіз – 13 шаңырақ болған. Елдің саны жағынан Шұбартау болысы Қарқаралы уезінің 22 болыстың ішінде 4-ші орында болған [6]. Төлеңгіт тақырыбына революцияға дейін қазақ жерінде қызмет істеген орыс шенуніктерінің арасында төлеңгіт мәселесіне қызығушылық танытқан бірталай зерттеушілердің болған, осылардың ішінен Ф.К.Зобниннің бізге қызықты мәліметі

Шұбартау төлеңгіттерінің XIX ғасырдың ортасында ресми қағаздарда арғынның көз басын (о о) қолдануы [7, 15 б.]. Әрине бұл біз үшін өте маңызды мәлімет. Себебі біз әуел баста төлеңгіттер деп аталған елдің таңбасы тарақ таңбалы деген болжаммен жұмыс істеп едік. XX ғасыр басындағы Семей облысы Қарқаралы уезі бойынша Әлихан Бөкейханов құрастырылған жинақта Шұбартау болыстығында 1892 жылы 1000 шаруашылық ауылдан тұрған Мамадайырлар болғандығы айтылады [8, 116 б.]. Осы жинақтың шежірелік кестесінде Мамадайыр Сайдалыдан, ол Алтайдан, ал Алтай-Қуандықтан тарайтындығы көрсетіліп тұр [8, 116 б.]. Іздеу барысында табылған мұрағат деректерінде (фонд №3, №338 іс нөмері 473/1746. «Описание состоящих под управлением Каркаралинского окружного приказа Киргизских волостях. 19 декабря 1828 г.») 1825 жылдары Шұбарайғыр тауы, Алтытамь, батысы... Тшинрга, Тоқырау өзені, Қызыладыр (Къза раду) тауы аймақтарын мекендейтінін 400 шаңырақтан төлеңгіт болысының болысы: «Сұлтань Мурать Булатханов. Старшины рода Мамадайырсково» деп көрсетіледі [9]. Сұлтан Мұрат Болатханов Әбілмәмбет ханның ұлы Болат ханның ұрпағы. 1905 жылы Санкт-Петербург қаласында басылып шыққан «Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по Каркаралинскому уезду» атты еңбегінде Ф.Щербина Тәуке ханнан Болатхан, одан Абулмәмбет, одан Болат және Әбілпейіз туады деп, шежіре кестесінде көрсетеді. 1902 жылдары Болат ханнан тарайтын Ақым мен Азханның Мамадайыр ауылында тұрып жатқанын айтады [6]. XVIII ғасырда Әбілпейіздің негізгі тұқымы абақ керей мен найман тайпаларымен бірге шығысқа қарай жылжыған уақытта, Солтүстік Балқаш бойында, Шұбартауда қазақ хандарының қара шаңырағына ие болып қалған Өмірзақ аталықауылдарында Әбілпейіздің тұқымынан бірді-екілі өкіл болуы да заңды шығар. Шұбартау өңіріне желбіретіп ту тігіп, құт дарытқан ата-бабаларымыздың есімдері ел мен жердің рухы мен киесіне айналғаны да ақиқат. «Ат аунаған жерде түк қалады, нар шөккен жерде жүк қалады» дегендей, елден шыққан атақты адамдары бүкіл қазақтың ардақты тұлғаларына айналған жандар. Арысы- «Шұбартау жері ой еді, Қазылық тауы бел еді» деп жырлаған атақты Әзімбай Бижанұлы, Жазық Меңаяққызы, Оспанқұл Меңаяқұлы, бүгінгі күнгі тұлғалары ішінде КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Мақашов Шаймағанбет елдің экономикасын көтеріп, Республиканы дүрк сілкіндіріп, Шұбартауды күллі қазақ халқына әйгілі етті. Осындай ел көркі, ел мақтанышы болып, өзінің еңбегімен, білім мен өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Ел – осындай азаматтарымен ел. Лайым, елі ардақтаған азаматтар бар болсын!

Әдебиеттер

1. Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Қазақтың аталықтары менен төлеңгіттері жайлы не білеміз? – «Алаш айнасы» газеті, 2014 ж.
2. Жамбыл Омари. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. – Астана: «Алтын кітап», 2011 ж.
3. Артықбаев Ж. Шоқан да кезінде: «Ұлы аруақтар қамқорлық жасайды», – деп айтып кеткен. // «Халық сөзі» № 466 12/ 06/ 2012
4. Артықбаев Ж.О. Әбілпейіз сұлтан –ерлік ғасырының қаһарманы – «ШҚО «Дидар» газетінде жарияланған мақаласы, 2012 жыл сәуір-мамыр айлары.
5. Шамғонов А., Оразбеков Т. Атыраулық төлеңгіттер. – Атырау, 2012 ж.
6. Щербина Ф. «Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по Каркаралинскому уезду» атты еңбегінде 1905 жылы Санкт-Петербург.
7. Зобнин Ф. Рабы и тюленгуты в казахской степи // Библиотека казахской этнографии. Т.36. – Астана, 2007. – 68 с.
8. Алихан Букейхан. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Каркаралинский уезд. Т.VI-й. Родовая схема киргизь Каркаралинского уезда / избранное. – Алматы: КЭ, 1995.

9. Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Қазақ хандығының аталықтары мен төлеңгіттері: мемлекетке қызмет істеу, тарихи оқиғаларға қатысы және шежіресі. – Алматы: «Информ-Арна», 2013. – 480 б.

10. Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Шұбартау төлеңгіттері: тарихы, аталары мен тұлғалары, дәстүр-салты. – Алматы: «Информ Арна», 2012.

Аннотация

В статье рассматривается история Шубартауских толенгитов, которые в 1756-1757 годах служили знаменитому казахскому султану Абиљеизу и участвовали в войнах за Алтай, Тарбағатай и Семиречье. В 1824 году толенгиты создали свою волость на территории Шубартау.

Ключевые слова: султан Абиљеиз, батыр Жаназыр, толенгит.

Abstract

The article deals with the history of the Shubartau tolengites, who in 1756-1757 served the famous Kazakh sultan Abilpeiz and participated in the wars for the Altai, Tarbagatay and Semirechye. In 1824 the tolengites created their own circuit in the territory of Shubartau.

Key words: Sultan Abilpeiz, Batyr Zhanazir, Tholengite.

УДК 1751

КАЛЫКБАР У.Н. – старший преподаватель (г. Алматы, Казахский университет путей сообщения)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье «Использование игровых технологий на уроках русского языка», автор рассматривает наиболее важные аспекты игрового метода, применяемые на уроках русского языка. Использование игровой технологии, способствуют быстрому усвоению нового учебного материала.

Ключевые слова: образовательная политика, игровая форма, эффективность, познавательный интерес.

Главной задачей государственной образовательной политики является создание условий для достижения нового качества образования в соответствии с перспективными потребностями современной жизни, обеспечение доступности образования для всех обучающихся. У преподавателя есть возможность выбрать методы и технологии обучения, которые, по их мнению, наиболее оптимальны для построения и конструирования учебного процесса. Игровые технологии в воспитании и обучении, пожалуй, самые древние. Возможно, именно поэтому дидактическая игра остаётся очень действенным методом для развития и совершенствования познавательных, умственных и творческих способностей студентов. Игра приоткрывает обучающимся незнакомые грани изучаемой науки, помогает по-новому взглянуть на привычный урок, способствует возникновению у обучающихся интереса к учебному предмету, значит, процесс обучения становится более эффективным. Целью обращения к игровым технологиям на уроке русского языка является приобретение конкретных практических навыков, закрепление их на уровне методики, перевод знаний в опыт.

Использование игровых технологий на уроках русского языка помогает в той или иной степени снять ряд трудностей, связанных с запоминанием материала, вести изучение и закрепление материала на уровне эмоционального осознания, что, несомненно, способствует развитию познавательного интереса к русскому языку как к учебной дисциплине, немаловажно также и то, что игра на уроках русского языка способствует обогащению словарного запаса обучающихся, расширяет их кругозор. Она несёт в себе огромный эмоциональный заряд, решает не только обще учебные и развивающие задачи, но и воспитывает качества творческой личности: инициативу, настойчивость, целеустремлённость, умение находить решение в нестандартной ситуации. Находясь в постоянном поиске, стараюсь подходить творчески к учебному процессу, как педагог, хочу видеть в каждом своём ученике будущего писателя, художника или просто доброго, любящего человека. Для этого приучаю своих студентов выполнять задания в своём неповторимом варианте, развивая тем самым самостоятельность, активность, инициативу, т.е. качества, сопутствующие творчеству и обуславливающие развитие творческих способностей. Стараюсь вводить в занятие такие формы работы, которые бы не только развивали, подвигали к творчеству, но были бы доступны и интересны каждому. Таких форм существует множество, но одной из самых благодатных была и остаётся игра. Значение игры невозможно исчерпать и оценить развлекательно-рекреативными возможностями. В том и состоит ее феномен, что, являясь развлечением, отдыхом, она способна перерасти в обучение, в творчество, в терапию, в модель типа человеческих отношений и проявлений в труде. В отличие от игр педагогическая игра обладает существенным признаком – четко поставленной целью обучения и соответствующим ей педагогическим результатом, которые могут быть обоснованы, выделены в явном виде с четко выраженной учебно-познавательной направленностью. Реализация игровых приемов и ситуаций при урочной форме занятий происходит по следующим основным направлениям: дидактическая цель ставится перед учащимися в форме игровой задачи; учебная деятельность подчиняется правилам игры; учебный материал используется в качестве игрового средства; в учебную деятельность вводится элемент соревнования, который переводит дидактическую задачу в игровую; успешное выполнение дидактического задания связывается с игровым результатом. Особенности игры является нацеленность на самоутверждение перед обществом, юмористическая окраска, стремление к розыгрышу, ориентация на речевую деятельность. Деловая игра используется для решения комплексных задач усвоения нового материала и его закрепления, развитие творческих способностей, формирования учебных умений, дает возможность учащимся понять и изучить учебный материал с различных позиций. Игровые формы могут быть использованы как элемент урока, они легко подбираются по тематическому принципу для каждого раздела школьного курса. Игры могут стать удобной формой актуализации знаний (в начале урока или перед началом изучения новой темы); «разминки», необходимой по ходу урока, контроля в конце учебного занятия. В игровой форме может пройти и целый урок (можно назвать свои уроки по-разному: уроки-конференции, аукционы, диспуты, путешествия, КВНы, экзамены и т.д.). Обучение русскому языку подразумевает не только освоение письменной речи, но и норм произношения. Вот почему целесообразно на каждом уроке находить возможность для отработки произносительных норм. Это может быть минутка-разминка под общим названием «Говорите по-русски правильно». Вот лишь некоторые из возможных вариантов, как разнообразить задания: «Составь текст и озвучь его»; «Пригласи на обед»; «В эфире – новости»; «Конкурс дикторов». Лексико-фразеологические игры: «Собери фразеологизм»; «Угадай-ка»; «Собери пословицу»; «Акrostих»; «Переводчик»; «Кто быстрее?»; «Найди пару»; «Объясни значение»; «Прямое и переносное»; «Аукцион»; «Замени фразеологизмом»; «Подбери синонимы»; «Географические названия»; «Имена собственные»; «Кто больше»; «Закончи фразеологизм»; «Угадай профессию»; «Догадайся»; «Переводчики»; «Любопытный». Развивать заложенную в каждом

обучающемся, творческую активность, воспитывать у него необходимые для этого качества – значит, создавать педагогические условия, которые будут способствовать этому процессу. Основные термины генерируются автоматически.

Таким образом, используя игровые технологии на уроках русского языка, я убедилась, что познавательная и творческая активность обучающихся повышается, появляется интерес к русскому языку, желание узнать новое, победить. И как следствие этой работы – успехи в конкурсах и олимпиадах.

Литература

1. Веденеева С.А., Гришина Л.Н., Елистратова М.Б. Игровые технологии на уроках русского языка и литературы, географии и ОБЖ.
2. Актуальные задачи педагогики: материалы III Междунар. науч. конф. – Чита: Издательство Молодой ученый, 2013.
3. Пташкина В.Н. Игровые технологии на уроках русского языка. – Волгоград, 2009.

Аңдатпа

«Ойын технологиясын орыс тіліндегі сабақтарда қолдану» мақаласында автор орыс тілінде қолданылатын ойын әдістерінің маңызды аспектілерін қарастырады. Ойын технологиясын пайдалану жаңа материалдардың тез игерілуіне ықпал етеді.

Түйін сөздер: білім беру саясаты, ойын формасы, тиімділік, танымдық қызығушылық.

Abstract

In this article «Using of the game technology in the Russian lesson», considered Hu important aspects of a game withal, wing in the Russian language lesson, and His game technology withal contributes to the rapid assimilation of a ken education material.

Keywords: educational policy, game form, efficiency, cognitive interest.

КНИЖНАЯ ПОЛКА

Федеральное государственное бюджетное учреждение дополнительного профессионального образования «Учебно-методический центр по образованию на железнодорожном транспорте» предоставляет вашему вниманию новое издание, предназначенное для студентов, преподавателей образовательных учреждений и работников железнодорожного транспорта.

Заболоцкий С.А., Лысов Н.В., Ширяев А.В. «Организация скоростного и высокоскоростного движения на железных дорогах Российской Федерации» – 92 с.

Рецензент: начальник Северо-Западной дирекции скоростного сообщения ОАО «РЖД» Ушаков А.В.

ISBN 978-5-907055-01-8



В книге дано понятие скоростного и высокоскоростного движения, изложены основные требования, касающиеся обеспечения безопасного пропуска поездов по участкам; приведена композиция составов скоростных и высокоскоростных поездов с описанием внутреннего оснащения вагонов. Изложен порядок организации посадки, высадки и обслуживания пассажиров в пути следования. Отражены вопросы антитеррористической деятельности поездной бригады, меры пожарной безопасности, организации и проведения пограничных и таможенных операций в поездах, следующих в международном сообщении, а также основные направления обучения и подготовки специалистов для высокоскоростного железнодорожного транспорта.

По вопросам приобретения данных изданий обращаться:

- 1) 050036, г. Алматы, мкр. Мамыр-1, д.21/1, тел. (727) 376-74-78.
- 2) 105082, г. Москва, ул. Бакунинская, д.71, тел. (495) 739-00-30.